

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының докторанты Еспенова Айгерим Турсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» тақырыбындағы 6D041600-Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін ұсынылған докторлық диссертациясына ғылыми жетекші

ШКІРІ

Еліміздегі рухани жаңғыру стратегиялары контекстінде Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінің отандық мәдени мұраны сақтаушысы ретіндегі мәселелері және қазіргі тәжірибедегі оның қағитаттарын шығармашылық тұрғыдан қайта ойластыру, сондай-ақ дәстүрлер мен жаңашылдықтардың жалпы мәселелерін талдау өнертану ғылымындағы зерттеулердің маңызды саласы болып табылады.

Осылайша, А.Т. Еспенова қазақ мәдениетінің болашағымен байланысты ең өзекті және маңызды тақырыптардың бірін таңдап алды. «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» тақырыбындағы еңбектің пайда болуы уақтылы және қажетті. Бұл жұмыс дәстүрлі мәдениеттің ықпалымен, отандық қолданбалы өнердің динамикасымен, оның қазіргі уақытта ұлттық сананы жандандырудағы орны мен рөлінің маңыздылығымен байланысты жаңа қырлардың кең ауқымын қоса алғанда, алғаш рет заманауи сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің шығармашылығында дәстүрлер мен жаңашылдықтардың өзара байланысының мәні мен ерекшеліктерін анықтайды.

Диссертация көп жылдық өнімді жұмыстың жемісі болып табылады, оның барысында А.Т. Еспенова өзін адал, мақсатына ұмтылған, өзінің ғылыми ізденісінің пәнімен әуестенген зерттеуші ретінде көрсетті.

Жұмыс барысында А.Т. Еспенова пәнаралық ізденістер деңгейінде жұмыс жасай отырып, осыған дейін мұқият талданған материалды жалпылау қабілетін көрсетті.

Бұл диссертация іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер саласында жұмыс істейтін ғылыми мамандардың еңбектеріне жатады: А.Т. Еспенова 2015 жылдан бастап ҚР БҒМ ҒК-нің М. О. Әуезов ат. Әдебиет және өнер институтының, Бейнелеу өнері бөлімінің ғылыми қызметкері болып табылады. Осыдан келіп тақырыптың теориялық, әлеуметтік-мәдени анықтамалары мен тұжырымдарына маңызды таңдау жасаудың; сәндік-қолданбалы өнердің жекелеген шығармаларын зерттеудің мұқият аналитикалық сипатының; кең ғылыми құралдар қолданудың, қазіргі заманғы өнертанудың жалпы теориялық мәселелерін шешудегі жалпы стратегиясының интенциясы туындауда.

А.Т. Еспенова әр түрлі пәндер байланысында жұмыс істей білу қабілеттілігін көрсетті. Сәндік-қолданбалы өнер туындыларын зерттей

отырып, ол оларды дәстүр мен жаңашылдықтың көркемдік, тарихи, этнографиялық, философиялық-эстетикалық өзара әрекеттестігінің мәселелері контекстінде қарастырады.

Зерттеу жұмысы Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық кітапханасы және Орталық ғылыми кітапханасының қорларында, Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында, Ә. Қастеев атындағы МӨМ-ның, Нұр-Сұлтан, Қызылорда, Шымкент, Ақтау және Атырау мұражайлық және көрме қорларында, және заманауи сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің шеберханалары мен көрмелерінде өтті.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелерін, өнер шеберлерінің шығармаларындағы трансформациясын зерттеу болып табылады.

Диссертациялық жұмыс тұжырымдамалық жағынан құрылымдалған және мәліметтерді беру мен баяндаудың айқындығымен ерекшеленеді. Кең материалды жүйелеу және реттеу - кіріспеден, үш бөлімнен, алты бөлімшеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, жұмыс бөлімдеріне сәйкестестірілген иллюстрациялары бар қосымшалардан тұратын зерттеу жұмысының құрылымын анықтады.

«Сәндік-қолданбалы өнерді зерттеудің теориялық-әдіснамалық аспектілері» атты бірінші бөлімінде ілгерілеуге кедергі келтіріп келген өнерге деген канон, догма түріндегі көқарастан алшақтаған дәстүрдің заманауи түсінігі айқындалды. Керісінше, барлық теоретиктер дәстүрдің шығармашылық сипатын алға тартуда. Дәстүрді өткен көркем тәжірибені бейтарап қабылдау деп түсінбей, оны осы мұра элементтерін саналы іріктеудің, игерудің және дамытудың нәтижесі деп қабылдау ғылыми білімнің басты үрдісіне айналуда. Сәндік-қолданбалы өнердің эстетикалық-көркемдік ерекшеліктері қолданбалы өнердегі оның көркемдік-стилистикалық ерекшелігімен байланыстыра отырып, пішін, бейне, материал ретінде анықталды.

«Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің тарихи қалыптасуы мен дамуы» атты екінші бөлімінде дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнердің әртүрлі кеңістіктік-уақыттық модустарын анықтау және қазақ дәстүрлі өнерін ұлттық шығармашылықтың өзегі ретінде қарастыру, оның қазіргі сананы жаңғыртудағы рөлі мен орнын анықтау, дәстүршілдік стратегияны талдау үшін Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін ашу ерекше маңызға ие.

Қазақстанның қолданбалы өнерінің дамуы алғаш рет дәстүрлі әдістер мен өнердегі жаңа формаларды іздеудің өзара байланысы арқылы, жаңашыл шешімдерді енгізу тұрғысынан қаралды.

«Заманауи қазақ сәндік-қолданбалы өнердегі дәстүр мен жаңашылдықтардың өзара байланысы» атты үшінші бөлімде заманауи сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің шығармашылығын зерттеу, пластика тілін жаңарту стратегиясын зерттеу; постмодернистік қос кодтау; сарынды

талдау негізінде Тәуелсіздік кезеңіндегі қазіргі заманғы өнердің жалпы инновациялық ізденістерінің бір бөлігі ретінде Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі жаңа үрдістер анықталып, сипатталған. Бұл бөлімде ХХІ ғасырдың басындағы дәстүрлі мәдениет инновациялық идеялар мен тұжырымдамаларды қалай туындататыны туралы дәстүрлі өнердің метамодерн жағдайының мәселелері, сондай-ақ қазіргі заманғы шығармашылықтағы дәстүрлі трансформацияның болашағы қарастырылған.

Осылайша, зерттеу нәтижелері теориялық еңбектерге сүйене отырып, сараптаудың сыналған әдістерімен, ХХ-ХХІ ғасырлардағы мәдениетті дамытудың жалпы үдерістерін зерделеумен негізделген. Зерттеудің нақтылығы талданған материалдың үлкен көлемімен анықталады, диссертацияның қорытындылары отандық және шетелдік өнертану білімінің нәтижелеріне сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда апробациядан өтіп, Қазақстан мен шет елдердегі ғылыми жарияланымдарда өз көрінісін тапты.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы Қазақстан өнертану ғылымында алғаш рет философиялық-теориялық негіз арқылы және заманауи туындылардың аналитикалық зерттеулері негізінде дәстүрлер мен жаңашылдықтардың өзара әрекеттесуінің негізге алынатын қағидаттары, Қазақстанның қазіргі сәндік-қолданбалы өнеріндегі олардың көрініс табуы айқындалып, оның дамуының негізгі тенденциялары анықталды. Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен қорытындылары Қазақстан өнер тарихы бойынша іргелі зерттеулерде қолданылуы мүмкін.

Зерттеудің кешенді әдісі диссертантка бір қарағанда жеке деп танылуы мүмкін заманауи сәндік-қолданбалы өнердің даму ерекшеліктерінің мәселелерін, өткенмен мәдени диалогтың негіздерін анықтау деңгейіне көтеруге, сәндік-қолданбалы өнер миссиясына оның қолданбалы рөлінен маңызды философиялық, тарихи мәселелерді, экология және тұрақты даму мәселелерін шешетін шығармаларды жасауға көзқарасты қайта бағдарлауға мүмкіндік берді.

Жұмыстың даусыз артықшылықтарының бірі оның тәжірибелік маңыздылығы болып табылады: оның нәтижелерін Қазақстанның бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнерінің тарихын қамтитын оқу құралдары мен дәрістік курстарда, жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысында қолдану мүмкіндігі.

А.Т. Еспенovanың диссертациялық жұмысының теориялық маңыздылығы мен жаңалығы қазіргі шеберлердің туындылары басқа мәдени салаларда болып жатқан үрдістермен арақатынасы мен салыстырмалылығы тұрғысынан гуманитарлық білімнің алдында тұрған жаңа сын-қатерлерге жауап беретін, бүгінгі талдамдық тәсіл мәселелеріне сәйкес келетін нақты тұжырымдарды қалыптастыру қажеттігіне байланысты зерттелген.

Ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген материалдың кеңдігін деп атап өту қажет. Бірінші кезекте бұл Қазақстанның түрлі аймақтарынан келген жас сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің жұмыстарына қатысты.

Диссертациялық зерттеуде ұсынылған заманауи сәндік-қолданбалы өнердегі инновациялық ізденістерді талдау ХХІ ғасырдағы Қазақстан өнерінің даму ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейтеді және тереңдетеді, жалпы Қазақстанның өнертануын байыта отырып, мұраны өзектендіру жолдары мен тәсілдерін түсінуге елеулі толықтырулар енгізеді.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты зерттеу жұмысы өзіндік, іргелі зерттеу деп есептеуге негіз береді, оның өзектілігі мен жаңалығы күмән тудырмайды және докторлық диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай орындалған. Еспенова Айгерім 6D041600 – өнертану мамандығы бойынша берілетін философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми жетекшісі:

Т.Қ. Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
«Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы»
кафедрасының доценті,
өнертану кандидаты



Д.С. Шарипова

